

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

30.09.2025

**Қатысқандар:** АК төрағасы – PhD, доцент Ж.Е. Нурматов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, аға оқытушы А.Н. Усаинова; АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы А.С. Бейсенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, аға оқытушы Д.Ш. Шауенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, аға оқытушы Ф.Б. Камалова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, аға оқытушы С.Т. Шылмамбетов; АК мүшесі, академиялық персонал – филос.ғ.к., аға оқытушы Г.А. Шадинова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, аға оқытушы М.М. Молдашева; АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Ы.Е. Нурмагомбетова; АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.О. Нұрбетова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, аға оқытушы М.Т. Салғараев; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, доцент Б.С. Сиздиқов; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – магистрант Ж.Н. Прзада; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – магистрант Қ.Б. Мейіржан; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – магистрант Н. Жасыбаев; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – білімгер Б.Ж. Қанабеков; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – білімгер М.Е. Маулен; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – білімгер Ұ.Т. Төлеутаева; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – магистрант Г. Есенгелді; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – білімгер А. Жетпісбаева; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – білімгер А.М. Уалихан; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – білімгер А. Әбілқасым; АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.М. Халықов; АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.М. Тастанбеков; АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ж.А. Касымбеков; АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Г.О. Исмаилова.

### КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Академиялық комитет құрамын жасақтау, АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну
2. ББ даму жоспарын әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну. ББ аккредиттеу және постмониторинг жоспары
3. Қыркүйек, қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

### ТЫНДАЛДЫ:

**1. АК төрағасы Ж.Е. Нурматов:** Құрметті академиялық комитет мүшелері, 2025-2026 оқу жылының Академиялық кеңес құрамына біршама өзгерістер енгізілді. Академиялық комитет құрамына жаңа мүшелер қосылды. Басшылыққа төменде көрсетілген кестеге сәйкес Академиялық комитет құрамына ұсыныс берілді.

| №  | Аты жөні                                              | Қызметі, атағы, дәрежесі           | Телефон     | Ескерту     |
|----|-------------------------------------------------------|------------------------------------|-------------|-------------|
| 1. | Нурматов Жахангир<br>Ешбайевич                        | Теология кафедрасы PhD.,<br>доцент | 87716236896 | АК төрағасы |
|    | 6B02229 Теология, 6B02266 Исламтану, 7M02262 Теология |                                    |             |             |

|                                      |                                      |                                                                                                            |              |                                 |
|--------------------------------------|--------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|---------------------------------|
| 2.                                   | Усаинова Ақмоншак Нурлановна         | Теология кафедрасы, PhD., аға оқытушы                                                                      | 87077059391  | АК мүшесі, академиялық персонал |
| 3.                                   | Шауенов Дидар Шауенұлы               | Теология кафедрасының меңгерушісі, PhD., аға оқытушы                                                       | 87012123345  |                                 |
| 6B02228 Дінтану, 7M02211 Дінтану     |                                      |                                                                                                            |              |                                 |
| 4.                                   | Бейсенов Айбек Сайранұлы             | Дінтану кафедрасы, аға оқытушы                                                                             | 87029960383  |                                 |
| 5.                                   | Камалова Фәриде Болатқызы            | Дінтану кафедрасының меңгерушісі, PhD., аға оқытушы                                                        | 87757148313  |                                 |
| 6B02286 Философия-Дінтану            |                                      |                                                                                                            |              |                                 |
| 6.                                   | Шылмамбетов Саян Турысбекович        | Философия кафедрасының меңгерушісі, PhD., аға оқытушы                                                      | 87056847513  |                                 |
| 7.                                   | Шадинова Гульзира Абиласановна       | Философия кафедрасы, филос.ғ.к., аға оқытушы                                                               | 87057221867  |                                 |
| 7M02212 Түркітану, 6B02267 Түркітану |                                      |                                                                                                            |              |                                 |
| 8.                                   | Молдашева Мадина Миранғалиқызы       | Түрік филологиясы кафедрасы, PhD, аға оқытушы                                                              | 87012033038  |                                 |
| 9.                                   | Нурмагомбетова Ынтымакгул Еролановна | Түрік филологиясы кафедрасы, аға оқытушы                                                                   | 87471732651  |                                 |
| 6B02231 Тарих, 7M02210 Тарих         |                                      |                                                                                                            |              |                                 |
| 10.                                  | Нұрбетова Гүлнар Оразалиевна         | Тарих кафедрасының доценті, т.ғ.к.                                                                         | 87024886434  | АК мүшесі, білімгерлер өкілі    |
| 11.                                  | Салғараев Марат Тұрғанбайұлы         | Тарих кафедрасының аға оқытушы, PhD                                                                        | 87778849595  |                                 |
| 12.                                  | Сиздинов Багдаулет Сапарбаевич       | Тарих кафедрасының доценті, PhD                                                                            | 87026885957  |                                 |
| 13.                                  | Прзада Жібек Нұрланқызы              | 7M02211-Дінтану                                                                                            | 87075411304  |                                 |
| 14.                                  | Мейіржан Қамбар Бимаханұлы           | 7M02262-Теология                                                                                           | 87716730252  |                                 |
| 15.                                  | Жасыбаев Нұрдаулет                   | 7M02210-Тарих                                                                                              | 87782915982  |                                 |
| 16.                                  | Қанабеков Бағдаулет Жандосұлы        | 6B02229-Теология                                                                                           | 87787115844  |                                 |
| 17.                                  | Маулен Мұхсина Ерғалиқызы            | 6B02228-Дінтану                                                                                            | 87055013226  |                                 |
| 18.                                  | Төлеутаева Ұлжан Төлеутайқызы        | 6B02266-Исламтану                                                                                          | 87474690490  |                                 |
| 19.                                  | Есенгелді Гүлнұр                     | 7M02212 –Түркітану                                                                                         | 87089585334  |                                 |
| 20.                                  | Жетпісбаева Аида                     | 6B02267-Түркітану                                                                                          | 87769957728  |                                 |
| 21.                                  | Уалихан Аида Мадиханқызы             | 6B02231-Тарих                                                                                              | 8771226 0704 | АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі   |
| 22.                                  | Әбілқасым Ардақ                      | 6B02286-Философия-Дінтану                                                                                  | 87775151180  |                                 |
| 23.                                  | Халықов Медет Музаппарович           | Түркістан облысы әкімдігі Дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу» орталығының директоры            | 87029283533  |                                 |
| 24.                                  | Тастанбеков Мұрат Мейірбекұлы        | «Әзіреті Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық- музейі директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары | 87713822501  |                                 |

|     |                                  |                                                                                                                                                                                      |               |  |
|-----|----------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|--|
| 25. | Касымбеков Жусипбек Айдарбекович | ҚМДБ Түркістан облысы, Түркістан қаласының қалалық "Хилует" мешітінің бас имамы, "Қожа Ахмет Ясауи атындағы" Республикалық Имамдардың білімін жетілдіру ислам институтының директоры | 8708 195 9009 |  |
| 26. | Исмаилова Гулзада Омаровна       | №5 Ғани Мұратбаев атындағы жалпы білім бері мектеп директоры                                                                                                                         | 87782371808   |  |

Академиялық комитеттің жаңа құрамы 19.09.2025ж №204 бұйрығымен бекітілді. Жаңадан қосылған академиялық комитет мүшелеріне қош келдіңіз дейміз!

Құрметті академиялық комитет мүшелері, күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша яғни, АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу бойынша алдарыңызға академиялық комитет ережесі мен жұмыс жоспарын ұсынып отырмын. Жалпы академиялық комитет ережесі мен жұмыс жоспарына алып қосарларыңыз немесе ұсыныстарыңыз болмаса бекітуді ұсынамын.

АК мүшелері тарапынан бір ауыздан колдады. Қарсы, қалыс қалған жоқ.

**Шешім:** АК ережесі мен жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.

## **2. ББ даму жоспарын әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну. ББ аккредиттеу және постмониторинг жоспары**

### **АК мүшесі, академиялық персонал – Ф.Камалова:**

Екінші мәселе бойынша пірікімді білдірсем, ББ – бойынша 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары айқындалған. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілген. Университет сайтында жарияланған. Даму жоспарының бағыттары мен мақсаттары айқын көрсетілген.

#### **СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ**

##### **1. Тұрақты институционалдық даму**

Мақсат 1.1. АЯ.У-нің корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету

Мақсат 1.2. А.Я.У-нің имиджі мен беделін нығайту

##### **2. Академиялық үстемдікке қол жеткізу**

Мақсат 2.1. Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы дайындау үшін білім беру экожүйесін құру

Мақсат 2.2. Тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру (3-миссия)

##### **3. Инновациялық әлеуетті арттыру**

Мақсат 3.1. Зерттеу экожүйесін дамыту

Мақсат 3.2. Ғылыми ізденістердің нәтижелілігін арттыру

Сонымен қатар даму жоспарында білім беру бағдарламаларына қатысты басым бағыттар нақты көрсетілген:

4. Алдыңғы қатарлы стандарттарды енгізу және білім беру сапасын арттыру үшін Түркия мен әлемнің жетекші университеттерінің қатарынан серіктестер анықтау. Білім беру бағдарламаларының түрлі бағыттары бойынша Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының оқулықтарын аудару. Жаңадан білім беру бағдарламаларын бірыңғай акпараттық жүйе мен деректер базасы арқылы дамыту, бұл қашықтан оқыту технологиясының көмегімен әлемнің кез келген нүктесінен қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Шетелдік серіктес жоғары оқу

орындарымен, оның ішінде QS рейтингісінің ТОП-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен екі дипломдық және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру жалғастырылатын болады. Стратегиялық әріптес университеттермен бірлесіп кадрлар даярлаудың басым бағыттары бойынша қос дипломды, бірлескен білім беру бағдарламаларын енгізу.

5. Жаңа білім беру бағдарламаларын, атап айтқанда, пәнаралық, инновациялық, сондай-ақ өңірде сұранысқа ие техникалық бағыттар бойынша (ауыл шаруашылығы, құрылыс, сәулет, ветеринария және т.б.) әзірлеу және ашу.

6. Білім беру технологияларының трансфері (оқыту әдістемесі, академиялық жетістіктерді бағалау, академиялық саясат және т.б.), шетелдік тәжірибені ескере отырып, білім беру бағдарламаларын өзектендіру, ОГК тәжірибесімен алмасу, ғылыми-зерттеу қызметі қамтамасыз етіледі.

7. Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және ЖОО түлегінің моделін жетілдіру негізгі құзыреттер мен еңбек нарығының жаңа сын-қатерлерін ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

8. Білім беру процесіне ECTS қағидаттарын одан әрі енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

9. Өңірдің кәсіпорындарымен ынтымақтастық жоғары оқу орнының кадрлар даярлаудың барлық бағыттары бойынша үнемі кеңейтілетін болады. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бизнес өкілдері мен жұмыс берушілерді тарту, сондай-ақ білім беру процесін ғылыми қызметпен интеграциялау жалғастырылатын болады.

10. Кәсіптік стандарттар негізінде инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру және кәсіптік стандарттар мен кәсіптердің өңірлік карталарын ескере отырып, барлық білім беру бағдарламаларын өзектендіру жалғастырылатын болады.

**Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD С.Шылмамбетов алды:** 2024-2025 оқу жылының қорытынды есебінде Академиялық комитет жұмысының тиімділігін арттыру жөнінде берілген ұсыныстардың бірі – білім беру бағдарламаларының сапасына қатысты мониторингті күшейту қажеттігі болатын. Осы ұсынысты ескере отырып, 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына мониторинг жүргізуге бағытталған ұйымдастыру шараларының енгізілуі орынды және дер кезінде қабылданған шешім деп санаймын.

**АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.Халықов:** Қазіргі уақытта қоғам үшін сапалы, кәсіби тұрғыдан жетілген дінтанушы және теолог мамандардың қажеттілігі ерекше. Осы тұрғыдан алғанда, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті түлектерінің жалпы кәсіби даярлығы жоғары деңгейде деп бағалаймын. Сонымен бірге студенттердің діни мәтіндерді түпнұсқада оқып, түсіну қабілеттерін және мәтіндерге дінтанулық әрі теологиялық тұрғыдан сараптама жасау дағдыларын дамытуға көбірек көңіл бөлінсе деген ұсыныс білдіремін.

Сондай-ақ жұмыс жоспарына енгізілген білім беру бағдарламалары бойынша практика бағдарламаларына аудит жүргізу және олардың мазмұнын жаңарту бағытындағы іс-шараларды өте маңызды әрі уақытылы бастама деп санаймын. Кәсіби практика – білім алушының теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік беретін негізгі құрамдас бөлік болып табылады.

**Кафедра меңгерушілері және АК мүшелері: PhD., Д.Шауенов, PhD., С.Шылмамбетов, PhD., Ф.Камалова, аға оқытушы Ы. Нурмагомбетова және т.ғ.к. доцент Г. Нурбетова сөз алып:**

2025–2026 оқу жылында кафедралар білім беру бағдарламалары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік жағдайын баяндады. Өткен 2024–2025 оқу жылында бірқатар білім беру бағдарламалары аккредитациядан сәтті өтті. Осы нәтижелер

университеттің профессор-оқытушылар құрамының біліктілік талаптарына және сапалы білім беру стандарттарына толық сәйкес келетінін көрсетті. 2024–2025 оқу жылында 6B02286 – Философия-Дінтану және 6B02266 – Исламтану білім беру бағдарламалары жоспарлы аккредитациядан өтеді, ал 6B02228 – Дінтану, 7M02211 – Дінтану, 6B02229 – Теология, 7M02212 – Түркітану және 7M02210 – Тарих білім беру бағдарламалары сәтті өтті. Бұл нәтижелер аталған бағдарламалардың сапасы мен оқу процесінің ұлттық және халықаралық стандарттарға толық сәйкес екенін дәлелдейді.

**Шешім.** Білім беру бағдарламаларының даму жоспары және постмониторинг жоспары талқыланып, ұсыныстар ескерілген түрде бекітілсін. 2025–2026 оқу жылында білім беру бағдарламалары бойынша мониторинг пен сапаны қамтамасыз ету шаралары жүйелі түрде жүргізілсін.

### 3. Қыркүйек, қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау


**АК төрағасы Ж. Нурматов** сөз алды. 2025–2026 оқу жылына арналған Академиялық комитеттің жұмыс жоспарында ағымдағы оқу жылында атқарылатын негізгі және маңызды міндеттер айқындалған. Атап айтқанда, білім беру бағдарламаларының (ББ) даму жоспарын әзірлеу, талқылау және бекітуге ұсыну, сондай-ақ аккредитация стандарттарына сәйкес постмониторинг жоспарын құру – білім беру бағдарламаларының сапасын жетілдіру мен одан әрі дамыту тұрғысынан айрықша мәнге ие. Құрметті Академиялық комитет мүшелері, биылғы оқу жылында іске асырылатын барлық бағыттармен және іс-шаралармен АК-ның жұмыс және мәжіліс жоспары арқылы мұқият танысып шығуларыңызды сұраймын. Алда атқарылатын жұмыстар көлемді әрі жауапты болғандықтан, оларды бірге жүзеге асыру өз нәтижесін беретініне сенім білдіремін. Академиялық комитеттің құрамы толық нақтыланып, жұмыс жоспары әзірленіп, Ережесі бекітілді. Барлық АК мүшелері тиісті танысу парақтары арқылы құжаттармен таныстырылды. Сонымен қатар білім беру бағдарламалары бойынша 2024–2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарының мазмұны таныстырылып, негізгі бағыттары айқындалды. Жалпы, қыркүйек–қазан айларында жоспарға сәйкес жұмыстар АК мүшелерінің қатысуымен қарастырылып, талқыланды.

**Шешім:** Қыркүйек, қазан айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау барысы қанағаттанарлық деп табылсын.

### ШЕШІМ:

1. Гуманитарлық ғылымдар даярлау бағыты бойынша 2025-2026 оқу жылының АК құрамы, ережесі мен жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.
2. Білім беру бағдарламаларының даму жоспары және постмониторинг жоспары талқыланып, ұсыныстар бекітілсін.
3. 2025–2026 оқу жылында білім беру бағдарламалары бойынша мониторинг пен сапаны қамтамасыз ету шаралары жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Қыркүйек, қазан айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау барысы қанағаттанарлық деп табылсын.

Мәжіліс төрағасы:



**Ж. Нурматов**

Хатшысы:



**А. Усаинова**